



С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ

Сұлтанмахмұт Торайғыров -130 жыл (1893-1920)

Қазақ халқының перзенті, ақын, лирик, болашақты болжаушы,
сатирик, ойшыл, талант иесі, дара тұлға

Ғылыми кітапхананың анықтама-библиографиялық
бөлімнің меңгерушісі С.А. Елеуқенова



Қазақтың ақыны, ағартушы-демократы **Сұлтанмахмұт Торайғыров** (1893–1920) - 28 қазанда Көкшетау облысы, Қызылту ауданында туған. 3 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, 1908 жылы баянауылдық Әбдірахман молданың қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

- ✘ С. Торайғыров – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы
- ✘ аса көрнекті ақыны, заһан ақыл-ойшысы. Ол – ұлы
- ✘ Абай дәстүрін жалғастырушы. Ол – қазақ халқының
- ✘ ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұтас
- ✘ дәуірдің айрықша ұлы тұлғасы.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.





Сұлтанмахмұттың музейі

Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылында ақынның мемориалдық музейі мен кесенесі бар. Кесене ақынның атымен аттас көлдің жағасында орналасқан. Айта кетейік, Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 8 қазанда дүниеге келіп, небәрі 27 жасында өмірден озды.

1958 жылы ақынның зиратының басына «С.Торайғыров» деген жазуы бар тас орналылып, металл қоршау қойылған. 1975 жылы бетінде рельефі бар жаңа тас ортанылды. 1993 жылы ақынның туғанына 100 толғанда қабірінің үстіне кесене салынды. Кесененің фризіне «Сұлтанмахмұт» деп ойылып жазылған. Кесенені күтіп ұстау мен айналасын абаттандырумен ауыл тұрғындары айналысады.







С. Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы ас көрнекті ақыны, ғажап ақыл-ойшысы.

Ол – ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы. Ол – қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұтас дәуірдің айрықша ұлы тұлғасы.

Бейсенбай Кенежебаев



1911 жылы жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, 1912-1913 жылдар аралығында «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптерге», («Шәкірттерге»), «Ендігі беталыс», «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Мағынасыз мешіт», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі түс пен бүгінгі іс», т.б. өлеңдерін, «Зарландым» атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста «Қамар сұлу» романын жазуды бастады. 1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан ақын «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды.

Жақсылық көрсем – өзімнен,
Жамандық көрсем – өзімнен.

Тағдыр қылды деулерді,
Шығарамын сөзімнен.

Мына сөздерден қайсарлық пен
табандылыққа ұласқан ақындық мінезді
көреміз.

Ол нені айтсада қарабайыр айта алмады.
Таусылып жеріне жеткізе оқырманын
иландыра айтады.





Сұлтанмахмұт атеист болса
Қажы Шәкәрім
Құдайбергенұлымен
Абайдың ұлы Тұрағұлмен дос
болмас еді



Үшінші советтік миф, ол
Сұлтанмахмұттың
шығармалары совет заманында
ғана алғаш рет шығара бастағаны,
ал негізінде ол өтірік.
Сұлтанмахмұттың шығармалары
1913 жылы қазақтың алғашқы
Айқап журналында шыққан



Төртінші миф: Сұлтанмахмұтты
Совет билігін қолдап, Алаш
Ордаға қарсы болған дейді, бірақ
шындығында Сұлтанмахмұт
1912 жылы Алаш партиясының
құрылуын белсенді қолдаған,
ал 1917 жылы Семейдегі қазақ
комитетінің бастығы болып,
Әлихан Бөкейхан басқарған
«Сары-Арқа» газетінде шығарылған



Сұлтанмахмұт Торайғыров
Әлихан Бөкейханды
жоғары бағалап, оны
«Алаштың бағына туған
Әлихан» деп атаған



Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ тілінің
Қазақстандағы басты тіл болғанын қалаған,
оны мына жазған сөздерден түсінуге болады:
«Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім
Шыр етіп жерге түскен минутімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнім.



Орыс тілін ақпаратқа, ғылымға,
тарихқа қол жеткізу үшін
меңгерген, содан кейін алған
білімді қарапайым қазақтарға
жеткізуге тырысқан